

"2026 жылға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетуге арналған тарифтерді бекіту туралы"

Қызылорда облысы Қызылорда қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 9 желтоқсандағы № 3396 қаулысы

Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңына, "Арнаулы әлеуметтік қызметтерге тарифтерді қалыптастыру қағидалары мен әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 281 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32987 тіркелген) сәйкес, Қызылорда қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. 2026 жылға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету тарифтері осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. "Қызылорда қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шаралар қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда қаласы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда қаласының әкімі

Н. Ахатов

Қызылорда қаласы әкімдігінің
2025 жылғы 9 желтоқсандағы
№ 3396 қаулысына қосымша

2026 жылға арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету тарифтер

№	Мекемелердің түрлері	Қызмет алушылардың түрлері	Күніне бір қызмет алушының тарифі, тенге
		Психоневрологиялық ауытқулары бар бір жарым жастан он сегіз жасқа дейінгі мүгедектігі бар балалар	6 543,33
		Тірек-қимыл аппараты бұзылған бір жарым жастан он сегіз жасқа дейінгі мүгедектігі бар балалар	6 543,33
	Жартылай стационарлық жағдайда арнаулы әлеуметтік қызмет		

1	Әлеуметтік қызмет көрсету	Егде жасына байланысты өзіне қызмет көрсетуге мүмкіндігі жоқ адамдар	9 097,06
2	Үйде қызмет көрсету жағдайында арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету	Психоневрологиялық ауытқулары бар бір жарым жастан он сегіз жастан асқан мүгедектігі бар балалар (адамдар)	5 327,42
		Тірек-қимыл аппараты бұзылған бір жарым жастан он сегіз жасқа дейінгі мүгедектігі бар балалар	5 327,42
		Бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар	5 298,45
		Егде жасына байланысты өзіне қызметтер көрсетуге мүмкіндігі жоқ адамдар	5 298,45
3	Уақытша болу жағдайында арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету	Тәулік бойы уақытша тұруына (бір жылға дейін) немесе уақытша болуына (тәуліктің түнгі уақытында) арналған уақытша болу жағдайында белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдар	8 846,80